

Сағи Жиенбаев

**АҚЫН**



Сағи Жиенбаев

**АҚЫН**

«Public Domain»

**Жиенбаев С.**

Ақын / С. Жиенбаев — «Public Domain»,

# Содержание

АҚЫН	5
Конец ознакомительного фрагмента.	7

# САҒИ ЖИЕНБАЕВ АҚЫН

## АҚЫН

САҒИ ЖИЕНБАЕВ

(1934–1994)

Қырық күн шілде – ақыретті бастады,  
Өртеніп тұр оңтүстіктің аспаны,  
Кеуіп кетті арасанның сулары,  
Еріп кетті Хорасанның тастары.

Күйіп кетті биыл тағы несібің,  
Биыл тағы бітелмеді тесігің.  
Диқан жігіт, енді күнің не болмақ,  
Енді кімнің күзетесің есігін?!

Екі жалын – екі жақтан кеулеген.  
Енді сені жүргізер ме жерменен.  
Күннің өртін сөндіресің амалдап,  
Мұңның өртін сөндіресің сен немен?

Сынар ма екен, шыдар ма екен көкірек,  
Көкіректің бара жатыр оты үдеп,  
Алысатын, айқасатын бір өзің,  
Бір өзіңе әл берер ме екі дерт!

Мейлі, мейлі!..  
Екеуін де жеңем мен!  
Екеуін де аластаймын денемнен.  
Сырттағысын көндіремін өзім-ақ,  
Іштегісін сөндіремін өлеңмен!..

Өлең деген табылды оған жан серік,  
Білмейді ешкім лашығында қалса өліп.  
Аулақ қазір шуылдаған дүниеден,  
Жатсын, мейлі, дария тоқтап, тау шөгіп.

Жан жылынып, қан жүгіріп өңіне.  
Қыран құстай қайта шыққан көгіне.  
Өлеңменен ашылды оның жанары.

Өлеңменен басылды оның шөлі де...

Емдеді жыр жүректерді жаралы,  
Кернеді жыр кеуіп қалған даланы.  
Өлгендердің зар-күйі боп аңырап,  
Келгендердің әлдиі боп тарады.

Өлең шіркін ескен желмен тарай ма,  
Көп ұзамай, естілді бұл талайға.  
Тамағы тоқ, алаңы жоқ әкімдер  
Жер түбінен шақыртты оны сарайға.

Еріккенде сауық-сайран құратын.  
Желіккенде – құмарынан шығатын,  
Сұлуларын, сұлтандарын мақтайтын  
Аты шулы керек бопты бір ақын.

«Сарай үшін – секілді анау суық тас.  
Менің жырым жүректерін жылытпас.  
Жалғыздардың, қайғы-зардың жыры бұл,

## **Конец ознакомительного фрагмента.**

Текст предоставлен ООО «ЛитРес».

Прочитайте эту книгу целиком, [купив полную легальную версию](#) на ЛитРес.

Безопасно оплатить книгу можно банковской картой Visa, MasterCard, Maestro, со счета мобильного телефона, с платежного терминала, в салоне МТС или Связной, через PayPal, WebMoney, Яндекс.Деньги, QIWI Кошелек, бонусными картами или другим удобным Вам способом.